




«№4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

**«Бекітемін»
Мектеп директоры:**

 **А.А.Тулегенов**



**Дарынды оқушыларға арналған
жұмыс жоспары
(2023-2024 оқу жылы)**

Ақтөбе, 2023 жыл

КІРІСПЕ

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады» деген Абай атамыз. Ұлы ақын сөзі еш уақытта өз мәнін жойған емес. Озық ойлы білімдар адамдар заманның дамуына өз үлесін қосады. Ойлау, іздену-табиғаттың адамзатқа берген тамаша сыйы. Бұл қабілет барлық адам бойынан табылары да сөзсіз. Қабілет іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай нәтижелі етіп орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті. Дегенмен табиғат оны бәріне бірдей етіп бөлмей, біреуге көптеу, біреуге аздау, ал үшіншілеріне мүлдем жарытпай тарататыны да анық. Қазірге дейін ғылым мен тәжірибеде дарындылық туралы екі түрлі көзқарас бар. Біреулері кез-келген бала дарынды, тек уақытында нақты қабілетін анықтап, дамыту керек десе, ал қарсы көзқарастағылар дарындылық өте сирек құбылыс, жалпы адамдардың өте аз тобына ғана тән дейді.

Дарындылыққа анықтама беретін болсақ:

Қабілет дегеніміз белгілі айқын әрекетте нәтижелі айналысуға көмектесетін тұлғаның өзіндік ерекшелігі.

Дарын дегеніміз белгілі бір жағдайдағы ең үздік мүмкіндік, қабілеттіліктің жоғары сатысы. Әдетте дарын белгілі ортада байқалады.

Данышпандық – дарын дамуының жоғарғы дәрежесі, ол сапалы да жаңа әрі өте сирек кездесетін дүниенің жасалуымен, шығармашылықтың ертедегі зерттелмеген жолдарының ашылуымен байланысты. Дарындылықты өмір ағымымен дамып отыратын психика сапасының жүйелілігі ретінде түсінеді, ол белгілі бір адамды басқа адамдармен салыстырғанда, бір немесе бірнеше әрекетте өте жоғары нәтиже көрсетуімен байқалатын жетістік мүмкіндігін аңғартады. Дарынды бала – белгілі бір әрекетте жарқын, айқын, кейде өте жоғары жетістіктерімен (немесе осындай жетістікке ішкі қабілеті жететін) ерекшеленетін бала. Дарынды балаларды айқындау бақылаудың негізінде, психологиялық ерекшелігін, сөйлеу, есте сақтау, логикалық ойлау қабілетін зертеу барысында бастауыш мектепте-ақ басталуы тиіс.

Дарынды, жас талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы.

Сонымен, дарынды дегеніміз - адамзат баласының басқаларға қарағанда ерекше ойлау, талдау, есте сақтау қабілеті бар шығармашылық пен табысты жұмыс істейтін еңбекқор адамдарда /оқушыларда/ кездесетін қасиетті айтамыз.

Дарынды балалармен жұмыс жүргізудің мақсаты:

1. Баланың шығармашылық қабілетін және өз бетінше шығармашылық ізденісін дамыту.
2. Пәнге терең қызығушылығын арттыру.
3. Оқушының әсерлілік сезімін қалыптастыру.
4. Оқушының белсенділігін арттыру мақсатында даму деңгейін, танымдық белсенділігін арттыра оқыту.
5. Жалпы білім – білік дағдыларын дамыта оқыту.
6. Білімнің бағасын арттыру.

Дарындылыққа барар жолдың басты міндеті:

- оқушының жеке ерекшелігімен қабілетін зерттеп- зерделеу;
- шығармашылық ғылыми ізденіске өзіндік зердесінің дамуын назарда ұстау;

Дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмыстың міндеті:

1. Оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру.
2. Шығармашылық қабілеттерін дамыту, жан-жақты дамуына жеке адамдық ерекше көңіл бөлу.
3. Оқушыны қоршаған ортаны аялауға, ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыруға тәрбиелеу.

Дарынды баламен жұмыс жасау кезеңдері:

1. Дайындық кезеңі
2. Сараптамалық
3. Ұйымдастырылған-әрекеттік;
4. Оқушы қабілетін қалыптастыру, тереңдету және дамыту кезеңі.

**Дарынды балалармен жұмыс стратегиясы I кезең – дайындық
Мақсаты:**

Мектепте дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін қалыптастыруға жағдай жасау. Мектепте шығармашылық орта туғызу жұмыстың бар кезеңдерінің ішіндегі ең маңыздысы болып табылады:

Мұғалімдер де, оқушылар да мынаны түсінгені абзал:

1. Мектеп – қателесуге рұқсат етілетін орын;
2. Әркім өз көзқарасын және өз ойын ашық айтуына болады;
3. Әрекетті немесе нәтижені сынау, жеке тұлғаны мақтау;
4. Оқушы тек өз-өзімен ғана салыстырылады;
5. Мұғалім мақтаудың ретін табуы керек;
6. Оқушыларға жол сілтей бермей, керісінше тәуелсіз әрекет етуге

көмектесу;

Міндеттері:

- Нормативті негізді үйрену.
- Дарынды оқушылармен жұмыс жасауды жоспарлау.
- Міндеттерді үлестіру
- Жобаны іске асырудың материалды-техникалық, педагогикалық шарттарын талдау.

Диагностика:

Дарындылықтың шығу тегінен бөлек оның диагностикасы болуы қажет. Мектептегі ұстаздарға оқушылардың әлеуетті мүмкіндігін танып білуіне көмектесетін әлеуметтік педагогтың және директордың ТЖ бойынша орынбасарының ролі осыған байланысты арта түседі.

Оқушылар келесі бағытта танылып айқындалады:

- шығармашылық ойлау қабілеті;
- өзін-өзі бағалау деңгейі;
- төзімділік;
- әрекеттің тәуірлеу түрлері;
- сезімталдық күші;
- Сіз көшбасшысыз ба?
- Сізге не ұнайды (қызығушылық картасы)?
- Тапсырма беру диагностикасы және тұлғаның бейімділігі;
- Дарынды балалардың тәртібі туралы мінездемесі;

Мұғалімдер де дарынды балалармен жұмыс жасау икемділігіне қарай айқындалады. «5»-ке оқитын және жекелеген пәндерді үйренуде ерекше табыстарға жеткен оқушылардың құрылған анықтамасы психолог пен әлеуметтік педагогтың анықтамалық нәтижесімен сәйкес келеді. Психолог дарынды балаларды психологиялық тұрақтылық пен психореттілік дағдыларын сақтай білуге үйретеді, әлеуметтік маңызы бар ортаға (жанұяда, қатарластар арасында, ұстаздар ортасында) бейімделуін қалыптастырады; олардың психолого-педагогикалық дайындық деңгейін жоғарылататын бағытта мұғаліммен дербес жұмыс жасауын ұйымдастырады. *Бұл жұмыс кезеңінің қорытындысы бойынша дарынды баланың үш түрін көрсетуге болады:*

1. Басқалармен тең жағдайдағы ой дамуы жағынан жалпы жоғары деңгейлі балалар (бұл көбінесе мектепке дейінгі және кішкене мектеп жасындағы балаларда кездеседі).
2. Ғылымның белгілі бір көлемінде арнайы ой дарындылығымен ерекшеленетін балалар (жасөспірім шағында).
3. Оқуда белгілі бір себептермен табысқа жетпеген, бірақ айқын танымдық

белсенділігі, психологиялық қорының шынайылығы, айрықша ой резерві бар оқушылар (әдетте жоғары сынып жасында кездеседі).

Сынып бойынша оқушылар тізімін құрастыру II кезең – сараптамалық

Мақсаты:

Дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру формалары мен әдістерін ашып көрсету.

I саты (бастауыш мектеп) – дарынды балаларды айқындауда олардың белгілі бір әрекеттегі табыстары есепке алынады: оқу-білімдік, көркемдік, физикалық және т.б.

II саты (5-9-сыныптар) – бұл кезеңде әрекеттің сабақтағы және сыныптан тыс әркелкі түрлері арқылы баланың танымдық, шығармашылық мүмкіндіктері мен қабілеттерін жеке бағалау өткізіледі. Дарынды оқушылармен жұмыс мазмұны әрбір оқу тәртібінің аймағында анықталады. Оқу материалының мазмұны оқушыларды үздіксіз үйренуге икемдеуі керек, таным процесі мұндай балалар үшін құнды болғаны жөн.

III саты. Үлкен мектеп айрықша білім беру кеңістігі болып табылады. Онда бір жағынан, әлеуметтік-дағдыланған тұлғаның қалыптасуы бойынша оның міндетті қызметінің қоғаммен орындалуы аяқталса, екінші жағынан, күзиреттілік кешені үшін жағдайдың жасалуына әкелетін ЗУН жүйесінің артық байланысымен басым білім беру парадигмасының бірте-бірте бағытталуы шынайы жүріп жатады, ол көп факторлы ақпараттық қарым-қатынастық кеңістік жағдайында өз ойларын жүзеге асырушы адам қабілеті ретінде қарастырылады.

Бұдан мектепте білім беру кеңістігінің жаңа принциптері мен ұйымдастыру әдістері қалыптасады:

- жобалық-зерттеушілік дағдының өнуі (жобалық әдіс);
- жоғары сынып оқушыларының өз қалауындағы профильді бағытқа қатынасының анықтамасы;
- қарым-қатынас өрісінің этикалық көзқарас бойынша анық айқындалуы.

Дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жасаудың шарттары

Дарынды балалармен жұмыс жасауда педагогикалық әрекеттердің принциптері ескерілді:

- тұлғаның дамуы үшін ұсынылған мүмкіндіктердің максималды әртүрлілік принципі;
- оқытудың даралану және жіктелу принципі;

- мұғалімнің минималды қатысуымен өтетін оқушылардың үйлесімді жұмыстары үшін шарт жасау принципі;
- оқушылардың қосымша білім беру қызметін, көмегін, тәлімгерлігін еркін таңдау принципі.

III кезең – ұйымдастырылған-әрекеттік.

Максаты:

Дарынды балалармен мақсатқа бағытталған жұмыстың ұйымдастырылуы.

Дарынды балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдер оқушылардың қабілетін дамыту үшін қажетті тәсілдерді қолданады. Мектеп психологтары балалардың дәстүрлі емес ойлауын анықтау үшін алдын ала сауалнама жүргізді. Әр сыныпқа сынып бойынша біртұтас және әр балаға жеке мінездеме материалдары жиналған папка арналады. Осы 2010-2011 оқу жылында портфолионы жаңалау және оқушылар арасында «Өзімді таныстырамын» атты сайыс өткізу жоспарланды. Бұл бағытта сынып жетекшілері өз жұмысының толық талдауын жүргізуі керек. Жұмыстың қалыпты аспектілері, мәселелері міндетті түрде көрсетіледі, мәселенің құрылуы бойынша жұмыс жоспары жасалады. Дарынды балалармен жұмыс барысында қолдау көрсету және ынталандыру жүйесінің міндетті жоспары, дарынды бала әрекетін бағалау өте маңызды болып табылады.

Осыған байланысты мектепте ынталандырудың келесі жүйесі жасалды:

Дарынды балалармен жұмыс жасау үшін мұғалімдерге қажетті сапалар.

Мұғалім міндетті:

1. жақсы тілектес және сезгіш болуға;
2. дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктерін жете білуге, олардың талабы мен қызығушылығын сезуге;
3. зияткерлік дамудың жоғары деңгейінде болуға;
4. қызығушылық пен икемділіктің кең көлемін игеруге;
5. дарынды балаларды оқытумен байланысты әртүрлі міндеттерді орындауға дайын болуға;
6. пысық және белсенді мінезді болып келуге;
7. әзіл-оспақты сезіне білуге (мысқылдан аулақ болуы керек);
8. икемділік танытуға, өз көзқарастарын қайта қарауға және үнемі өзі қол жеткізуге дайын болуға;
9. шығармашылық жеке дүниетанымы болуға;
10. дені сау және өмірде тұрақты болуға;
11. дарынды балалармен жұмыс жасауда жоғары оқу орнынан кейінгі арнайы

дайындығы болуға және алдағы уақытта арнайы білімді игеруге дайын болуға.

1. Танымдық қабілеттер мен машықтар

- ақпараттың кең көлемін игеру.
- бай сөздік қор.
- игерілгенді жаңа материалға көшіру.
- себеп-салдарлық байланысты құру.
- құпия тәуелділік пен байланыстарды құрықтау.
- шешім шығара білу.
- ақпаратты шоғырлай және жинақтай білу.
- күрделі мәселелерді шешуге қатысу.
- ақпаратты ұйымдастыру.
- күрделі ойларды аулай білу.
- астарлы айырмашылықтарды аңғара білу.
- қарсылыққа сезімталдық.
- ақпаратты іздеудің альтернативті жолдарын қолдану.
- жағдайды талдау.
- процестің өзін де, нәтижесін де бағалай білу.
- кейін неге апарып тірелетінін көре білу.
- талқылай білу.
- болжам жасау.
- ойды тәжірибеде қолдану.
- қайта жасауға икемділік.
- ойлаудағы сыншылдық.
- жоғары білімқұмарлық.

2. Шығармашылық қабілеттер

- тәуекелшілдік қабілет.
- бағытынан тайған ойлау қабілеті.
- ойлау мен әрекетте икемділік.
- ойлау жылдамдығы.
- өзіндік идеяларын айта білу және жаңа бір нәрсені ойлап табу қабілеті.
- бай қиял.
- әркелкі нәрселерді қабылдау.
- жоғары эстетикалық құндылықтар
- дамыған сезгіштік.

3. Эмоционалды ортаның ерекшеліктері

- шынайы Мен-концепциясы.
- өзгеге сыйластық.
- адамдарға эмпатикалық қатынас.
- өзге адамдардың ерекшеліктеріне төзе білу.
- өзін-өзі талдауға икемділік.
- сынға шыдамды қатынас.
- нәрселер мен ойлармен бөлісуге дайын болу.
- тапсырманы орындауда табанды болу.
- ойлау мен тәртіпте тәуелсіздік.
- мадақтауды күткенде шыдамсыздықтың болмауы.
- жарысқойлық.
- әзілқойлық сезімі.
- құлықты мәселелерді талдауда сезгіштік.
- өз күші мен қабілетіне сенімділік.

ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ

№	Жұмыстың түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	Дарынды оқушыларға арналған жылдық жұмыс жоспары	Қыркүйек	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
2	Сынып жетекшілері мен педагог – психологімен кеңесе отырып қабілетті (өте ерекше) оқушылар тізімін алу	Қыркүйек	Амантаева Г.Б. Пән мұғалімдері, психолог, Дарынды балалар жөніндегі координатор
3	Белгілі бір ғылым саласында өз интеллектісін дамытуға талаптанған оқушы жастардың ерікті шығармашылық бірлестігін құру, өзінің атауы, эмблемасы, девизи, дәстүрі және мүшелерін сайлау, өз құрамына жеке секциялар, үйірмелер, клубтарды енгізу	Қыркүйек	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор Ғылыми жетекшілер
4	Білім деңгейінің игеру қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін анықтау	Қыркүйек	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор Мектеп психологі
5	«Менің кіші Отаным» республикалық конкурсының аудандық кезеңіне қатысу	Қыркүйек	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
6	Президенттік олимпиаданың 1 кезеңіне қатысу	Қыркүйек	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
7	Республикалық «Бояулар құпиясы» жас суретшілер байқауына қатысу	Қыркүйек	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
8	Республикалық Махамбет оқуларына қатысу	Хат бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
9	Республикалық «Ақберен» байқауының облыстық кезеңіне қатысу	«Дарын» РҒПО хаты бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
10	«Зерде» шығармашылық жобалары мен зерттеу жұмыстары	Қыркүйек	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор

	республикалық конкурсының қалалық кезеңіне дайындау, қатысу		
11	1-7 сынып оқушыларына арналған зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсының облыстық кезеңі	Қазан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
12	«Кішкентай білгірлер» облыстық олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысу	Қазан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
13	Президенттік олимпиаданың өңірлік 2 кезеңі	Қазан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
14	5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың бірінші (мектепшілік) кезеңіне қатысу	Қазан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
15	Республикалық «Ділмар» шешендік өнер байқауының облыстық кезеңіне қатысу, дайындалу	«Дарын» РҒПО хаты бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
16	Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың республикалық ғылыми жобалар конкурсының қалалық кезеңіне қатысу	Қазан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
17	Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың Республикалық олимпиадасының мектепшілік кезеңі	қараша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
18	Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың Республикалық олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысу	желтоқсан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
19	«Абайтану» республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне дайындау,	қаңтар	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор

	қатыстыру		
20	5 – 6 сыныптарына арналған қалалық математикалық олимпиадаға дайындау, қатыстыру	ақпан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
21	Қ. Бітібаева ат. қазақ тілі мен әдебиетінен республикалық олимпиаданың қалалық кезеңіне дайындау, қатыстыру	ақпан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
22	Республикалық «Абайтану» олимпиадасының облыстық кезеңіне қатысу	Хат бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
23	5-6 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне қатысу	Желтоқсан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
24	Республикалық «Жыр алыбы-Жамбыл» атты жас ақындар айтысына қатысу	Ақпан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
25	«Ұшқыр ой алаңы» республикалық пікір-сайыс турниріне қатысу	Ақпан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
26	Республикалық М.Мақатаев оқуларының қалалық, облыстық кезеңдеріне қатысу	«Дарын» хаты бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
27	Республикалық І.Жансүгіров оқуларының қалалық, облыстық кезеңдеріне қатысу	«Дарын» хаты бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
28	Республикалық Мәшһүр Жүсіп оқуларының қалалық, облыстық кезеңдеріне қатысу	«Дарын» хаты бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
29	«Шежірелі өлкемнің тарландары» шығармалар мен мақала байқауына қатысу	Ақпан	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
30	«Сырбай Мәуленов-лирик ақын»	Ақпан	Амантаева Г.Б.

	шығармашылық оқулар байқауына қатысу		Дарынды балалар жөніндегі координатор
31	Облыстық «Достық» олимпиадасына қатысу	Сәуір	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
32	2-4 класс оқушыларына арналған республикалық олимпиада (мектепшілік) қатысу	сәуір	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
33	2-4 класс оқушыларына арналған республикалық олимпиада (аудандық) қатысу	Сәуір	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
34	Республикалық «Әбіш» оқуларына қатысу	Сәуір	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
35	Республикалық М.Жұмабаев оқуларының қалалық, аудандық, облыстық кезеңдеріне қатысу	«Дарын» хаты бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
36	«Едіге батыр» облыстық эссе байқауына қатысу	«Дарын» хаты бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
37	Мұхтар Шаханов оқулары (М.Шахановтың шығармаларын жатқа мәнерлеп оқу) қатысу	Хат бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
38	5-10 сынып оқушылары арасында XVI республикалық «Тарих ата» қашықтық олимпиадасына қатысу	Мамыр	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
39	Республикалық Абай, Шәкәрім оқуларының облыстық кезеңіне қатысу	Мамыр	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
40	Республикалық Махамбет оқуларының облыстық кезеңіне қатысу	«Дарын» хаты бойынша	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
41	«Мемлекетті рәміздер-тәуелсіздігіміздің нышаны» тақырыбында облыстық эссе, сурет, бейне байқауларына қатысу	Мамыр	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор

42	Пән бойынша білім-білік дағдыларының қалыптасуын үнемі бақылып, өздеріне талдатып, өздік бағалау әрекеттерін ұйымдастыру	мамыр	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор
43	Интеллектуалдық ойын, сайыстарға қатысу	Жыл бойы	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор Пән мұғалімдері
44	2023-2024 оқу жылындағы дарынды балалар қорытындысы	Мамыр	Амантаева Г.Б. Дарынды балалар жөніндегі координатор Пән мұғалімдері